

2020 жылдың 05 мамыр күні сағат 15:00-де Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының кураторлары Г.Қ. Сағатова, Л.М. Кулейменова, Э.Қ. Тусупбекова, М.Т. Оспанғалиева, Лог-18-1, ТТ-19-1, Лог-19-2, ОП-19-1 тобының студенттерімен Долинка кентіндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау» мұражайына онлайн экскурсия жасады.

Мақсаты: студенттерге саяси қуғын сүргін құрбандары жайында мәлімет беру. Студенттерді патриоттық рухта тәрбиелеу, елін, жерін қорғауға үйрету.

Экскурсия жүргізушісі: «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау» мұражайының ғылыми қызметкері Омарбек АйЗере Хасенқызы.

Экскурсовод: КарЛАГ (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері) жаппай саяси қуғын-сүргін кезінде ұйымдастырылған. КарЛАГ тарихы, қуғын-сүргін көрген адамдарға қатысты жәдігерлер мен мұрағат құжаттары туралы көптеген мәліметтермен таныстырды.

Бұл жерде 1930 жылдан 1953 жылға дейін 3 млн 778 мың 254 адам түрлі айыптар бойынша жазасын өтегені, олардың арасында ғалымдар, саясаткерлер, мәдениет қайраткерлердің болғаны, барлығы қара жұмысқа жегіліп, көз жұмғанына тоқталды.

Студенттер сұрақтар қойып, жүргізушінің жауабына дән риза болды.



